

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою жөнінде

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 25 желтоқсандағы № 1142 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрі Серік Мақашұлы Жұманғаринге 2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2025 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1142 Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі мүше мемлекеттер деп аталатын Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

2014 жылғы 23 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде медициналық бұйымдар (медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника) айналысының бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімнің 4-бабының 11-тармағына мынадай өзгерістер енгізілсін:

б) тармақшасындағы "мүше мемлекеттің аумағында" деген сөздер алып тасталсын;

ж) тармақшасындағы "гуманитарлық көмек ретінде әкелінген медициналық бұйымдар тіркелуге жатпайды." деген сөздер "гуманитарлық көмек ретінде әкелінген;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы з), и), к) тармақшаларымен толықтырылсын:

"з) тиісті мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіппен, уәкілетті орган берген рұқсат негізінде нақты пациенттің өмірлік көрсетілімдері бойынша медициналық көмек көрсету үшін Одақтың кедендік аумағына әкелінген;

и) Одақтың кедендік аумағынан әкету үшін мүше мемлекеттің аумағында жасалған және мүше мемлекеттердің аумақтарында өткізуге арналмаған;

к) ортақ қаптамамен біріктірілген (олардың тұтыну қаптамалары сақталған жағдайда) және мүше мемлекеттің аумағында тіркелген, осы мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жинақталған және оның аумағында ғана айналысқа шығаруға арналған медициналық бұйымдар мен дәрілік препараттардың (жинап салу, жинақтар, жиынтықтар мен дәрі қобдишалары) жиынтығын білдіретін медициналық бұйымдар тіркелуге жатпайды."

2-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң уақытша қолданылады. Заңнамасында халықаралық шарттарды уақытша қолдану мүмкіндігі көзделмеген мүше мемлекет үшін осы Хаттама осындай мүше мемлекет осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындаған күннен бастап қолданылады.

Осы Хаттама депозитарий осы Хаттаманың күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді мүше мемлекеттердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

20 жылғы "____" _____ қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, әрбір мүше мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасы үшін	Республикасы үшін	Республикасы үшін	Республикасы үшін	Федерация үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК